

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Көліктер»

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.10.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/44615/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақбақты ауылы

«Арман» балалар бақшасы

Надинова Айгерім Нұркеновна

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Оқу қызметі: *Жапсыру.*

Тақырыбы: «Көліктер»

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың көлік туралы түсініктерін бекіту, тиянақтау.

Дамытушылық: Балалардың қызығушылықтарын дамыту.

Тәрбиелік: Жол ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көлік түрлерінің суреттері, ойыншық машина түрлері, бағдаршам, слайд.

Сөздік жұмыс: машина, ұшақ, пойыз, қайық.

| Оқу қызметінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс - әрекеті |
|--------------------------|---|------------------------------------|
| Мотивациялық қозғаушылық | Жылулық шеңбері -Балалар, бізге көптеген қонақтар келіп отыр. Қане, бәріміз амандасайық! Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. | Балалар шеңберге тұрып қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| <p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p> | <p>— Балалар, қазір сендермен «көлік» деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.</p> <p>— Көлік дегеніміз не?</p> <p>— Ол адамға неге қажет?</p> <p>— Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?</p> <p>— Ал енді, мен жұмбақ жасырамын.</p> <p>Жұмбақтар</p> <p>1. Тізбектелген көп үйлер, Көшіп жүрген көк үйлер.</p> <p>2. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте</p> <p>3. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі.</p> <p>4. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды.</p> <p>— Балалар, мына суреттерге қараңдаршы. Көліктердің қандай түрлері болады? Әңгіме: «Көліктер».</p> <p>Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар:</p> <p>1. Әуеде ұшатын көліктер:</p> <p>2. Суда жүзетін көліктер:</p> <p>3. Жерде жүретін көліктер:</p> <p>4. Темір жол көліктер:</p> <p>Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық.</p> <p>Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап апқан.</p> <p>— Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты.</p> <p>— Балалар, сендер суда жүзіп көрдіңдер ме?</p> <p>— Ал қайықпен ше?</p> <p>— Адамдар ертеде үлкен өзендерден бөренелер арқылы жүзіп өткен. Қайықтарды, кемелерді уақыт өте ойластырып тапқан.</p> <p>-Ал енді, балалар, сергіту сәтін жасап бір сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз, Ұшақ болып ұшамыз. Суда жүйткіп жүземіз. Кемелерді түземіз, Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз</p> | <p>Балалар жауаптары.</p> <p>— Пойыз — Ұшақ — Қайық — Машина</p> <p>— Балалар суреттерге қарап көліктердің түрлерін айтады. — Ұшақ, тікұшақ, зымыран — Кеме, қайық,</p> <p>Қимылдарын көрсетіп жасаймыз</p> |
|---|---|---|

| | | |
|---------------------------------|---|---|
| Рефлексиялық-түзетушілік | -Көліктің қандай түрлері болады? -Адамға көлік не үшін қажет? -Не құрастырдыңдар, балалар? Жарайсыңдар, балалар! Осымен бүгінгі іс- әрекетіміз аяқталды. Балаларды мақтау-мадақтау. | Балалардың жауабы. -Су, жер, темір жол,әуе көліктері. -Алыс жерлерге бару үшін керек. |
|---------------------------------|---|---|

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Көлік түрлерін ажыратып, қызметін біледі.

Нені игерді: Барлық көліктер адамға қызмет етеді. Көліктің түрлерінің өзгеріп, көбейюі адамның қиялына, шығармашылығына байланысты екен.

Меңгерді: Көліктердің сыртқы құрлысы мен қызметіне қарай ажыратады. Жолда жүру ережелерін сақтауды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.